

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

Тарих ғылымдарының докторы, профессор С.Х. Барлыбаеваның  
60 жылдық мерейтойы және Дүниежүзілік Теледидар күніне арналған  
«ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ЖАҢА ТРЕНДТЕР:

ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН КОНТЕНТ» атты  
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

2016 жыл 11 қараша

#### МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-практической конференции  
«НОВЫЕ ТРЕНДЫ В ТЕЛЕИНДУСТРИИ КАЗАХСТАНА:  
ТЕХНОЛОГИИ И КОНТЕНТ»,  
посвященной 60-летнему юбилею доктора исторических наук,  
профессора С.Х. Барлыбаевой и Всемирному Дню Телевидения

11 ноября 2016 года

#### MATERIALS

of the Republic scientific-practical conference,  
dedicated to the 60-anniversary of the Doctor of Historical Sciences,  
professor S.Kh. Barlybaeva and International Day of Television  
«NEW TRENDS IN THE TELEINDUSTRY OF KAZAKHSTAN:  
TECHNOLOGIES AND CONTENT»

the 11th of November, 2016

**Редакционная коллегия:**  
Медеубек С., Султанбаева Г.С.

**Ответственный редактор**  
Н.П. Сапарходжаева

Материалы Республиканской научно-практической конференции «Новые тренды в телеиндустрии Казахстана: технологии и контент», посвященной 60-летию юбилею доктора исторических наук, профессора С.Х. Барлыбаевой и Всемирному Дню телевидения. 11 ноября 2016 года. – Алматы: Қазак университеті, 2016. – 121 стр.

**ISBN 978-601-04-2517-0**

В сборнике представлены материалы конференции «Новые тренды в телеиндустрии Казахстана: технологии и контент», посвященной 60-летию юбилею доктора исторических наук, профессора С.Х. Барлыбаевой и Всемирному Дню телевидения.

## ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ PR-БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шыңғысова Н.Т.,

*Филология ғылымдарының докторы*

*Әл-Фараби ат. ҚазҰУ*

«Қоғаммен байланыс» мамандығы қоғамдағы барлық саланы қамтиды. 2010 жылы мамандықты қайта жандандырып, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қоғаммен байланыс және жарнама кафедрасы алғаш болып мемлекеттік лицензия алды. Қазақстанда бұрын болмаған мамандарды даярлап бастағанда қиындықтар аз болған жоқ. Ұлттық менталитетке негізделген отандық оқулықтардың болмауы салдарынан Батыстың және Ресейдің оқулықтарын пайдалануға тура келді. Қоғаммен байланыс мамандығында менталитет, тіл, ақпаратты қабылдау, тұтынушылардың мәдени ерекшеліктері аса маңызды. Журналистика факультетінде қоғаммен байланыс саласына байланысты соңғы жылдары бірқатар оқу құралдары жарық көрді. Жақында бірнеше авторлардың құрастыруымен «Журналистика және PR» атты глоссарий жарық көрді.

PR коммуникацияны да, басшылыққа кеңес беру функциясын да қамтиды. Болашақта стратегиялық ойлай алатын, болашақты болжап отыратын, өз деңгейінде кеңес беретін маман болуы тиіс. Әлеуметтік жауапкершілікті, қоғамдық мүддені де ұмытпауы тиіс. Сондықтан, қоғаммен байланыс мамандарын кешенді түрде дайындау қажет. Мәселен, қазіргі оқу жоспарында «Мемлекеттік басқару және бизнес саласындағы қоғаммен байланыс қызметі», «Дағдарыс PR-ы», «PR жанрлары», «PR-жобаларды ұйымдастыру, басқару», «PR-дағы компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялар», «Жобаның бизнес-жоспарын құру», «Бәсекеге қабілетті PR-өнімдер өндіру технологиялары», «Бұқаралық коммуникация мен қоғаммен байланыстың заманауи технологиялары», «Имиджеология», «Ішкі PR», «PR-дағы консалтинг», «Елдік брендинг және халықаралық PR», «Қазіргі баспасөз қызметі», «Бизнес-корпорация PR-бөлімінің жұмысын ұйымдастыру» т.б. пәндер оқытылады. ЮНЕ-СКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының таңдау бойынша элективті пәндері жұмыс берушілермен біріге отырып жасалады. Мәселен, элективті пәндер каталогын дайындау барысында ҚР ҚБҰА, PR-шы клубы сияқты бірнеше мекемелерге, қазақтандық PR-практиктерге Қазақстанның PR нарығына қандай мамандар қажет, олардың бойына қандай күзiреттiлiктер қалыптастыруымыз керек деген мәтінде сұраныс-хаттар жолданды. Себебі, кәсіби стандарт жасауда жұмыс берушілердің пікірін ескеру қажет.

PR мамандарын оқыту барысында іргелі даярлық, коммуникацияның теориясы мен практикасы бойынша терең, сапалы білім беру, ағылшын тілін жете меңгерту, жаңа коммуникациялық-ақпараттық технологияларды игеруге машықтандыру жүзеге асырылып отыр.

Кафедра кәсіби мамандарды – медиа нарығына, мемлекеттік, саяси, әлеуметтік және бизнес құрылымдарға қазіргі заманғы технологияларды меңгеріп, күзiреттер мен тәжірибелiк дағдыларды игерген, бүгiнгi еңбек нарығында сұранысқа ие халықаралық журналистердi, PR-менеджерлердi, имиджмейкерлердi, продюсерлердi, баспасөз хатшыларын даярлауды мақсат етедi. Әлемдiк стандарттарға, заманауи зияткерлiк талаптарға сай кадр әлеуетiн қалыптастыруды көздейдi. Білім алушылар өз саласында теориялық білім алумен ғана шектелмей, болашақта тиімді карьера жасауға қажетті қосымша күзiреттiлiктерге ие болуы керек.

Қоғаммен байланыс пәнінің күзiреттiлiктерiн қалыптастыруда өзге де салаларды қамту қажет. Журналистика соның бастыларының бірі. PR маманы жаңа медианы өз деңгейінде игеруі, БАҚ өкiлдерiмен тиімдi байланыс орната білуі, баспасөзге арналған материалдарды жаза білуі қажет. PR-маманының кәсіби күзiретi – коммуникативтiлiк, креативтiлiк, шығармашылық көзқарас, жазу қабілеті, іскерлік қарым-қатынас, сөйлеу мәдениеті, шешендік өнер, көпшілікпен тез тіл табысу, идеяларды тәжірибе жүзінде жүзеге асыру екендігі мамандыққа талапкерлердi шығармашылық байқау арқылы қабылдау жөнiндегi шешiм өте дұрыс.



Бітіруші түлектердің нарықта сұранысқа ие маман болып қалыптасуы аса маңызды. Осы орайда университет жыл сайын жұмыс беруші компаниялардың бос орындарға жәрмеңесін ұйымдастыруды қолға алып келеді.

Ашық онлайн курстар ұйымдастыру, қашықтықтан білім беру жүйесін жетілдіру ісі де қолға алынуда. «Халықаралық журналистика» мамандығы бойынша ағылшын тобы ашылып, сабақтар ағылшын тілінде жүреді.

Қазіргі таңда қай салада болмасын қаржы көздерін тауып, шығынды азайту жолдарын қарастыру көзделеді. Ғұлама ғалым Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деген. Студенттерге университеттегі «Al-Farabi university – smart city», «Айналанды нұрландыр», «100 кітап», «ҚазҰУ – Гринкампус» т.б. әлеуметтік инновациялық жобалар аясында рухани-адамгершілік тәрбие беру мақсат етілген.

Әрине, мамандықты әр түрлі жолмен меңгеруге болады. Алайда жоғары оқу орнында алған білім ғана қажетті күзіндеттілікті қалыптастырады. Қазақстанда PR-білім берумен алты жоғары оқу орындары, атап айтқанда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, *Абылай хан атындағы* Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ, Алматы Мемлекеттік университеті және Тұран университеті айналысады.

Дуалды оқыту қазір білім беру үдерісіне аса қажет. Соңғы кездері дуалды білім беру тәжірибесі кең етек жайды. Өндіріс пен білімді, ғылымды тиімді ұштастыру әдісімен нағыз кәсіби маман даярлауға болатыны дәлелденді.

Ғылым мен өндірісті тиімді ықпалдастырудағы тәжірибенің маңызы зор. Оқу-өндірістік тәжірибе бағдарламалары жұмыс берушілермен келісе отырып қажетті күзіндеттіліктерді қарастырады, күтілетін нәтижелерге баса көңіл бөлінеді. Педагогикалық практика үздіксіз болып саналады әрі теориялық оқытумен қатар жүреді. Себебі студент пәннің оқу материалдарын өндірісте де меңгеруі тиіс.

Оқу үдерісінде әр курсқа сай оқу-өндірістік тәжірибенің бірнеше түрлері бар. Білім алушыларды үздіксіз практикалық даярлау концепциясы оқу тәжірибесінен диплом алды тәжірибеге дейінгі осы практикалардың барлығын кешенді біріктіреді. Білім алушылардың кәсіби тәжірибесі мамандар даярлау кәсіби оқу бағдарламасының ажырамас бөлігі болғандықтан, студенттердің өндірістік тәжірибе өтетін сапалы базасы ретінде ірі өндірістік мекемелермен, ғылыми-зерттеу мекемелерімен, мемлекеттік мекемелермен келісім-шарт жасап келеміз.

PR – стратегиялық және басқару функцияларын атқаратындықтан, нарықта стратегиялық құжаттарды сауатты жасап, оларды тиімді жүзеге асыра алатын, стратегиялық ойлайтын, дұрыс шешім қабылдайтын, әлеуметтік жауапкершілікті сезінетін мамандар даярлауымыз керек. Болашақта қоғаммен байланыс саласын дамытатын осы мамандар болмақ.

Нарықтағы мамандарды, ЖОО оқытушыларын оқытын, қайта даярлықтан өткізу үшін қосымша білім беру бағдарламаларын кеңейту мақсатында кафедраның жанынан **Біліктілікті арттыру және қоғаммен байланыс, баспасөз қызметі мамандарын сертификаттау «PR» Орталығы құрылды.** Орталық тұрақты, мақсатты, жүйелі түрде кәсіби біліктілікті арттырумен айналысады.

## СОДЕРЖАНИЕ

<i>Барлыбаева С.</i> Помню, люблю, горжусь .....	3
<i>Барлыбаева С.</i> В диапазоне М.К. Барманкулова.....	5
<i>Ахметова Л.</i> К юбилею профессора С.Х. Барлыбаевой .....	7
<i>Барлыбаева Л.</i> Сестренка.....	9
<i>Ахатова Б.</i> Целеустремленность и созидание .....	12
<i>Муканова Г.</i> Душой исполненный полет .....	14
<i>Ким О.</i> Прекрасной души человек .....	17
<i>Санжар Н.</i> О юбиляре .....	18
<i>Мамраимов А.</i> Прекрасный педагог.....	19
<i>Нұржанова Ш., Бекболатұлы Ж.</i> Қазақтың Сәулесі .....	20
<i>Кенжегулова Н.</i> Глашатай «новых медиа» информационного общества .....	22
<i>Мысаева К.</i> Спорт пен ғылымды қатар бағындырған қазақ қызы .....	24
<i>Молдабеков А.</i> Тектінің тұяғы .....	26
<i>Тастулекова С.</i> Эпоха цифрового вещания .....	28
<i>Козыбаев С.</i> К вопросу о польской депортации в Казахстан.....	32
<i>Қабылғазина К.</i> Білім мен тәжірибені үйлестіру әдістері.....	34
<i>Бекболатұлы Ж.</i> Ақпараттық саясат және тіл мәселесі .....	37
<i>Шынгысова Н.</i> Қазіргі таңдағы PR-білім берудің өзекті мәселелері .....	40
<i>Ахатова Б.</i> Развитие медиа в независимом Казахстане .....	42
<i>Негизбаева М.</i> Политический курс казахстанского пути – молодежная политика .....	45
<i>Нода Л.</i> Телевидение или ...все остальное? .....	47
<i>Есхуатова Н.</i> Интернет-телевидение в развитых европейских странах и его влияние на Казахстан.....	50
<i>Ложникова О.</i> Художественное пространство и образы неигрового кино: вклад в человеческий капитал .....	52
<i>Мектеп-тегі А.</i> Таңбамен кестеленген құпия ілім.....	55
<i>Өзбекова Г.</i> Көпшілік алдында сөйлеу өнерінің ерекшеліктері .....	72
<i>Нода Л.</i> Телевидение. Театр. Кто кого?.....	75
<i>Қутпанбаева Ж.</i> Массовая культура в общественном сознании.....	78